

Г.Б. Мадиева¹, Н.Б. Абдрахынова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫН ЛЕММАЛАНДЫРУ ӨЛШЕМДЕРІ

Мақалада еліміздің жер-су атауларын леммаландыру, атаулардың негізгі түбір сөзден айырмашылығын ажырату және сөздіктерде берілу өлшемдері туралы түсінік беріледі. Лемма – ғылыми метатілде сөздің түбірі болып саналғанымен, әр елде тілдің қасиетіне, өзгешелігіне қарай әр түрлі күйде беріледі. Сондай-ақ, леммалау үдерісі барлық тілде бірдей қолданылмайды. Қазақ тіліндегі топоним атауларының леммалануы тіліміздің ерекшелігіне байланысты топонимдердің аталуы себептері мен жер сипатына қарай атаудағы қай сөздің әсері мол болып тұруымен байланысты болады. Лемма мен сөз түбірін ажыратудың нақты белгісі – жер атауына қай сөздің мағыналық жағынан сәйкес келуі және қандай сөздің әсерінен жасалуын анықтау болып табылады. Мақала Қазақстанның кейбір өңірлеріндегі жер-су атауларының леммасын табу және белгілерін анықтауға арналған.

Кілт сөздер: жер-су атаулары, топоним, лемма, леммаландыру, сөздік, тілдік ерекшелік.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Лингвистикада топонимдердің жіктелуіне әр түрлі көзқарастар бары белгілі. Осы уақытқа дейін еліміздің жер-су атауларына арналған зерттеулер аз емес, осыған байланысты Қазақстанда топонимикалық мектеп жоғары деңгейде қалыптасқан. Жалпы топонимдерге, елдімекендерге (ойконимдер), тау, шоқы (оронимдер) атауларына да неше мәрте зерттеу жұмыстары мен ғылыми мақалалар арналған. Дегенмен, қазақ тіліндегі ономастика ғылымында зерттеулер және ізденістер жалғасуда. Топонимика атауларының берілуі, семантикалық жағы зерттелгенімен, олардың атаулары мен объект арасындағы байланыс, атаудағы лемма мәселесі толық қарастыруды қажет етеді.

КІРІСПЕ

Әйгілі ономатолог А.В. Суперанская топонимдердің (жалпы онимдердің) жіктелуінің бүкіл алуан түрлілігінің ішінде аталушы объект пен атау арасындағы байланысты көздеп, алдыңғы орынға қоятын сөз негізгі атау болуы тиіс деген пікір білдіреді.

Леммаландыру – әр тілдің өзгешелігіне сай айқындалатыны белгілі. Мысалы, орыс тілінде «входить, вхождение, превзойти, вошел» сөздерінің леммасы *вход* деген мағынаны білдіреді. Яғни, сөзді леммаландыру – сөздіктегі атаулардың мағыналық бастапқы не ортақ формасын табу. Қазақстанда сөздерді леммаландыру туралы біршама зерттеу жұмыстарында қарастырылғанымен (Шаханова З.О., Мадиева Г.Б.) нақты сөздіктердегі атаулардың леммалануы, олардың берілу өлшемдері анықталмаған. Сол себептен, жұмысымыз топоним сөздіктеріндегі жер–су атауларын леммаландыру үдерісіне арналып отыр.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу нысаны ретінде қазақ тілінің жер-су атаулар сөздігі алынды. Сөздіктегі атауларды ортақ леммасына қарай жинақтау үшін – топтастыру, атауларды леммаландыруда

басқа сөздерден ажырату үшін – салғастыру әдісі, леммаларды анықтау, мағынасын ашу және құрамына қарай жіктелуі үшін – компоненттік талдау әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Леммаландыру–бұл сөзді қалыпқа келтіру, яғни сөзді сөздік формасына, леммаға келтіру. Лемма этимологиясы $\lambda\eta\mu\mu\alpha$. ежелгі грек сөзінен «пара, пайда, кіріс», $\lambda\alpha\mu\beta\acute{\alpha}\nu\omega$ ежелгі грек сөзінен «беру» (**(s)lagw-* праиндоевроп мағынасына қайтару). В.П.Берков бойынша лемма–негізгі сөз, біздің түсінігімізде леммаландыру–онимді анықтау, қалыпқа келтіру және этимологизациялау [1, 13].

Қазақ тіліндегі топоним сөздерді леммаландыру – атаудың бастапқы формасын не бірнеше атау сөздердің ортақ мағыналық сөзін табу үдерісі.

Алайда, әр елде тілдің қасиетіне, өзгешелігіне қарай әр түрлі реңкте көрініс табады.

«Қазақ тіліндегі топонимдерді қалыптастыруға географиялық терминдер, күнделікті қолданыстағы сөздер, сан есімдер, түр-түсті білдіретін анықтауыштар қатысады, сонымен қатар топонимдерге адам есімдері (антропоним), халық, тайпа атаулары (этнотопоним), өсімдік атаулары (фитонимдер), жануар атаулары (зоонимдер) негіз болады.

Басқа күрделі сөздер сияқты топонимикалық атаулардың да тірек және ауыспалы сыңарлардан тұратындығын аңғаруға болады. Екі сөздің бірігуі арқылы жасалған кейбір топонимдердің құрамындағы сөздер өздерінің жеке тұрғандағы мағыналарын сақтамай, біртұтас мәнге ие бола отырып белгілі бір жер атауы ретінде жұмсалады. Мәселен, *Көкөзек* атауындағы көк сөзі, сол жердің түсін білдіріп тұрған жоқ, көк шөпті шалғынды жер екендігін білдіріп тұр.

Аққұм – Балқаш көлінің түбегіндегі елді мекеннің аты. Аққұм топониміндегі ақ сын есімі, құмның түсін емес, құмның сусымалы, ақпа құм екендігін, яғни сипатын көрсетеді. *Көктөбе*– тау атауы (Қарағанды облысы). Бұл жерде көк сөзі «заңғар, биік» мағынасында қолданылып тұр. Сонымен қатар, *Қаракөл* атауындағы қара сөзі де судың түсін білдіріп тұрған жоқ. «Қара» сөзі жер деген мағынада қолданылып, «көлі бар жер» деген мағынаны береді. *Қаракөл* – ауыл атауы (Қарағанды облысы). *Қарабұлақ* – село атауы (Қарағанды облысы). Қарабұлақ, Қаракөл атауындағы қара сөзі судың түсіне қатысты емес. *Қара* сөзі ежелден «мөлдір бұлақ», «сусын» мағынасын берген. *Қарабұлақ* – жер астынан, сай-жыралардан шығып жатқан қайнар суы. Бұл атаудағы қара сөзін көне түркі тілдес халықтар «жер» мәнінде қолданған. Яғни «жер бұлағы» деген ұғымда [2]. *Сарыкөл, Сарытөбе, Сарыарқа* атауларындағы сары сөзі «кең» немесе «мол» деген мағынаны береді. Яғни, көл, төбе зат есімдері. *Ақтоғой, Ақсу* топонимдеріндегі ақ сөзі «таза, тұнық, мөлдір» және «кең, үлкен» деген мағыналарды береді. Олай болса, *Ақтоғой* топонимі «су, өзен жағасындағы шағын орманға ие» деген мағынаны береді. Ал *Ақсу* атауы судың ағындылығын, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді» [3, 257]

Олай болса, атау сөз құрамындағы бір сөзге мағыналық жағынан ұқсас атауларды топтастыра отырып жер–су атауларын леммаландырамыз.

Топонимдерді леммаландыру үлгісін көрсету үшін, келесі кестеге назар аударайық (Кесте-1):

Кесте-1 **ТОПОНИМ СӨЗДЕРДІ ЛЕММАЛАНДЫРУ ҮЛГІСІ**

Жер-су атауы	Мағынасы	Леммасы	
Аққұдық – Қарағанды облысындағы Тихоновка поселкесінің қазақша аты.	<i>Ақ</i> және <i>құдық</i> сөздері «құдықтың суға толып тұрғанын» білдіреді. <i>Ақ</i> – «көп, мол» мағынасын білдіреді (Қазақ энциклопедиясы [4])	Ақ	Мұндағы атауларда «Ақ» леммасы түс емес, <i>көп</i> мағынасында қолданылып тұр.

Ақтөбе – Маңғыстау ауданында орналасқан	Ақтөбе – құмды жер. Ақ (сын есім) және төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «өсімдіксіз, сусымалы құм төбе» (Қазақ энциклопедиясы [4])		
Ақбастау – Жамбыл облысы Жуалы ауданы, Қарасаз ауылдық округіне қарасты ауыл.	Маңында ақ кірпіштің арасынан шығып жатқан мөлдір бастау. Сол бастаудың атына сәйкес елді мекенге 1993 жылы осындай атау берілді. (Жамбыл облысының топономикалық атауларының анықтамалығы)	Бастау	Айналасы ашық, көк майсалы алқап болған соң осылай аталған.
Сарыбастау – Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы елді мекен атауы	Мағынасы «бастау, бұлақ» (Жамбыл облысының топономикалық атауларының анықтамалығы)		
Қаражал – биік жал, өзен аттары. Сондай бір жал аты бойынша Қарағанды облысына қарасты қала аты.	«Қара» сөзі топонимдік атаулар жасауда жиі қолданылып, кейде өзінің тура мағынасында заттың түр-түсін білдірсе, кейде «үлкен, зор» деген мағынаны білдіреді (Жартыбаев А. Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары. – Қарағанды, 1998) [5]	Қара	Қара леммасы «үлкен» мағынасында қолданылып тұр.
Қарасор – Қарағанды облысындағы ащы-тұзды көл. Алабы 135 км ² , тереңдігі 5 метрге дейін.	Қарасор атауы «көлемі едәуір үлкен, суы аз, тұзды көл; батпақты, балшықты сор» дегенді білдіреді (Қазақ энциклопедиясы [4])		
Сарыарқа – Қазақтың ұсақ шоқылығы атты өлке.	Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді. (Қазақ энциклопедиясы [4])	Сары	Мұндағы «сары» леммасы «көлемді, үлкен» мәнінде қолданылып жер атауы болып тұр.
Сарысу – Қарағанды және Қызылорда, Жамбыл облыстарындағы өзен	Топонимдер құрамындағы сары сөзі негізгі (түр, түс мағынасынан бөлек) «үлкен, ірі, зор» мәнінде қолданылатыны белгілі. (Қазақ энциклопедиясы [4])		
Тарғылата – Қарағанды облысындағы Тарғыл тауының ең биік шоқысы.	«Береке басы» ұғымына тән сиындық мәнді жер. (Жартыбаев А. Қарағанды өңірі	Ата	«Ата» сөзі «киелі, қасиетті, үлкен» мәнінде

	топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары. – Қарағанды, 1998 [5]		қолданылған. Бұл шоқы биік болғандықтан және адамдар сыйынып баратын жер болғандықтан солай аталған.
Бектауата – тарихи тау, биіктігі 1215 м, село, Қарағанды облысында.	Қазақстан жерінде ата тіркесімен аталатын жерлер (мәселен, Әулиеата, Сунақата, Асықата) көбіне сол жердің «киелі», «қасиетті», «әулиелік» құдіретіне байланысты халық нанымына сай қойылып отырған. (Жартыбаев А. Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары. – Қарағанды, 1998 [5])		

Кестеде көрсетілгендей, жер – су аталары құрамындағы бір сөздің мағыналық жақындығына сәйкес топтастырылған. Біріккен сөздерден тұратын атаулар немесе біртүбірлі сөздердің бастапқы мағынасы анықталып соған сәйкес атаулардың ортақ леммасын анықтадық. Жоғарыда айтып өткендей, топонимдер түр сипатына, аймақ ерекшелігіне қарай аталатын болса, олардың ортақ леммасын анықтау да сол ерекшелігін ескере отырып, тарихи оқиғалар мен басқа да маңызды факторларды назарда ұстауды қажет етеді. Өйткені, топонимдік атауларды леммаландыру атау сөз этимологиясы мен аймақтың тарихи – географиялық сипатына қарай жүргізілетін үдеріс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тіліндегі топоним атауларын леммаландырудың басты қағидасы – ортақ мағынада қолданылған сөз арқылы бірнеше атауларды топтастыра отырып анықтау. Мысалы, *Майлыбулақ, Майөзек, Майтас, Майшөп, Майқайың*, т.б. Көне түркі тілінде «май» «киелі, қасиетті, құдіретті» ұғымында қолданылған. Мәселен Таулы Алтай тілінде «май» және «эне», Орхон-Енисей жазуларындағы «Ұмай» – «Жер және Су перісі». Құрамындағы «май» сөзі бар жер-су аттары республикамызда көп кездеседі. Сол секілді, *Ақжал, Ақтас, Ақөлең*. Мұндағы лемма – *Ақ*. *Ақ* сөзі кейде түр сипатты білдірсе, кейде «кең, мол, үлкен» мағынасын, кейде «тұңғыш, алғашқы» мәнінде қолданылады.

Қорыта келгенде, сөзді немесе атауды леммаландыруда ғылымның барлық саласында бірдей әдіс қолданылмайды. Топоним атауларында жоғарыда айтып өткендей, бірнеше атауларға ортақ, мағыналық жағынан ұқсас болып тұрған сөз бойынша анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Берков В.П. Вопросы двуязычной лексикографии (Словник). – Ленинград: ЛГУ, 1973. – 13-92 с.
- 2 Жер-су атауларының анықтамалығы. Қазақстан республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі тіл комитеті. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 568 б.
- 3 Назарова А.Ж. Қазақ және түрік тілдеріндегі топонимдер. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №1 (80). 2017. – 261 б.
- 4 Қазақ энциклопедиясы.
- 5 Жартыбаев А. Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары. – Қарағанды, Болашақ-Баспа, 1998. – 165 б

ҒАЛАМТОР МӘЛІМЕТТЕРІ

Ризуан.Р. Түрлі-түсті мәнді білдіретін жер-су атаулары. – 2019. – URL <https://martebe.kz/t-rli-t-sti-m-ndi-bildiretin-zher-su-ataulary/>(қарау уақыты 29.01.2023)

Серікбайұлы.М. Маңғыстау облысы. — 2017. – URL <https://anatili.kazgazeta.kz/news/43283> (қарау уақыты 29.01.2023)

<https://dikorda.ru/gloss/1/9.htm>

<http://ru.wiktionary.org/wiki>

Материал 07.12.2022 баспаға түсті

Критерии лематизации топонимов

Г.Б. Мадиева¹, Н.Б. Абдрахынова¹

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050010, Республика Казахстан

REFERENCES

1 Berkov, V.P. (1973), *Voprosy dvuyazychnoj leksikografii (Slovník)* [Issues of bilingual lexicography (Glossary)]. Leningrad: Leningrad State University.

2 *Zher-su ataularyнын anyktamalygy. Kazakhstan republics madeniet zhane akparat ministerligi til committee* (2009) [Directory of place-water names. Language Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan]. Almaty: "Arys" publishing house, 568 p.

3 Nazarova, A.J. "Qazaq zháne túrik tilderindegi toponimder" ["Toponyms in the Kazakh and Turkish languages"]. *Messenger of KazNU. Oriental Studies Series*, vol. 1 (80), 261 p.

4 *Qazaq entsiklopeduasy* [Kazakh encyclopedia].

5 Zhartybaev, A. (1998) *Qaragandy óniri toponimderiniń maǵynalyq jáne qurylymdyq sıpattary* [Meaningful and structural characteristics of toponyms of the Karaganda region Karaganda], Bolashak-Baspa, 1998, 165 p.

В статье рассматривается понятие о лемматизации топонимов страны, различении названий от основного корневого слова и критериях передачи в словарях. Лемма-хотя в научном метаязыке считается корнем слова, в каждой стране язык дается по-разному, в зависимости от его свойств и особенностей. Кроме того, процесс лемминга используется не во всех языках. Леммализация названий топонимов в казахском языке в зависимости от специфики нашего языка зависит от того, какое слово в названии имеет наибольшее влияние в зависимости от причин и характера места. Специфическим признаком различения леммы и корня слова является определение того, какое слово семантически соответствует названию места и под влиянием какого слова оно образовано. Статья посвящена выявлению и определению признаков леммы топонимов в некоторых регионах Казахстана.

Ключевые слова: топонимы, леммы, лемматизация, словари, языковые особенности.

Материал поступил в редакцию журнала 07.12.2022

Toponym lematization criteria

G.B. Madiyeva¹, N.B. Abdrakhynova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan

The article discusses the concept of the lemmatization of country's toponyms, distinguishing names from the main root word, and transmission criteria in dictionaries. Lemma - although in the scientific metalanguage it is considered the root of the word, in each country the language is given differently, depending on its properties and features. Also, the lemming process is not used in all languages. Lemmalization of names of toponyms in Kazakh language, depending on the specifics of our language, depends on which word in the name has the greatest influence, depending on the

reasons and the nature of the place. A specific sign of distinguishing between a lemma and a root of a word is the definition of which word semantically corresponds to the name of the place and under the influence of which word it is formed. The article is devoted to the identification and definition of the toponyms' lemma signs in some regions of Kazakhstan.

Key words: toponyms, lemmas, lemmatization, dictionaries, language features.

Received: 07.12. 2022

МРНТИ 16.31.61

DOI: 10.59102/kufil/2022/iss4pp17-24

В.А. Маслова¹, А.Л. Дединкин¹

¹Витебский филиал учреждения образования Федерации профсоюзов Беларуси «Международный университет «МИТСО», г. Витебск, 210038, Республика Беларусь

ЭКСТРЕМИЗМ КАК ПРОБЛЕМА ЮРИСЛИНГВИСТИКИ: МОДЕЛИРОВАНИЕ ЛИНГВОПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ПОРТРЕТА (ТИПАЖА) ЭКСТРЕМИСТА

В статье показано, что моделирование лингвопсихологического портрета (типажа) экстремиста возможно на основе текстов: как тех, которые подозреваемый в экстремизме распространяет с целью вербовки сторонников, так и его высказываний в процессе допросов и судебных разбирательств. Как правило, это поликодовые тексты, в которых присутствует целый ряд знаковых систем – музыка, видеоряд, символы, вербальные единицы и т.д. На основе данных текстов нами предпринята попытка создать модель лингвопсихологического портрета экстремиста.

Ключевые слова: юрислингвистика, лингвистическая экспертология, экстремизм, лингвопсихологический портрет, поликодовый текст.

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

В работе показано, что коммуникативная функция многих выражений из экстремистских текстов реализуется в прямых и открытых речевых высказываниях, но она может быть также и завуалирована, делая текст многозначным, двусмысленным. Моделирование речевого портрета возможно на основе текстов: как тех, которые подозреваемый в экстремизме распространяет с целью вербовки сторонников, так и его высказываний в процессе допросов и судебных разбирательств. На основе изучения почти 100 текстов мы предложили модель лингвопсихологического портрета деструктивной личности, который являет собой совокупность языковой личности (по Ю.Н. Караулову) и обладает при этом определенными психологическими чертами, манерой поведения, неудовлетворенностью положением в обществе.

ВВЕДЕНИЕ

Вопросы правовой оценки действий и высказываний физических лиц постоянно находятся в поле зрения отраслевых юридических наук. Правоприменительная практика также содержит богатый материал по данной проблематике. Особое место здесь занимает юрислингвистика, молодая наука, сформировавшаяся на стыке юриспруденции и языкознания. Само формирование юрислингвистики в Республике Беларусь – проблема новая.

Актуальность. В борьбе с экстремизмом достойное место занимает юрислингвистика. Она основывается, с одной стороны, на юриспруденции, а с другой – на ряде